

Кедейлікті азайту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 ақпан N 305. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.29. N 108 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 маусымдағы N 833 қаулысымен бекітілген Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000 -2002 жылдарға арналған бағдарламаның іске асырылуы барысын талдауды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасында кедейлікті азайтудың 2003 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын дайындауды үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.11. N 1618 2002.04.03. N 397 қаулыларымен .

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Кедейлікті азайту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылсын.

Ескерту. Тақырып, 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.03. N 397 қаулысымен .

2. Қоса беріліп отырған Кедейлікті азайту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже бекітілсін.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.03. N 397 қаулысымен .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 28 ақпандағы

N 305 қаулысына қосымша

Кедейлікті азайту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрамы

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.11. N 1618 , 2002.04.03. N 397 , 2003.05.19. N 459 , 2003.10.17. N 1061 қаулыларымен.

Павлов

Александр Сергеевич

орынбасары

- Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің бірінші

Исаев - Қазақстан Республикасының Экономика
Батырхан Арысбекұлы және бюджеттік жоспарлау
вице-министрі, төрағаның орынбасары
Комиссия мүшелері:

Ысқақова - Қазақстан Республикасының Президенті
Саида Қуанқызы жанындағы Отбасы және әйелдер істері
жөніндегі ұлттық комиссия
хатшылығының меңгерушісі
(келісім бойынша)

Нәубетова - Қазақстан Республикасының Президенті
Рашида Аронқызы жанындағы Отбасы және әйелдер істері
жөніндегі ұлттық комиссия
хатшылығының сектор меңгерушісі
(келісім бойынша)

Қадыров Наджат Худжатович - "Қазақстан Республикасының
Жұмыс берушілер конфедерациясы"
қауымдастығының атқарушы
директоры (келісім бойынша)

Молдажанов Ризахмет - Қазақстан Республикасының
Құрманғазыұлы Кәсіподақтар федерациясы одағы
төрағасының орынбасары (келісім
бойынша)

Сиврюкова Валентина Андреевна - "Қазақстан Үкіметтік емес
ұйымдарының конфедерациясы"
қауымдастығының президенті
(келісім бойынша)

Нұрғожаева - Қазақстан Республикасының
Татьяна Александровна Білім және ғылым министрлігі Бюджет,
жоспарлау және қаржы департаментінің
директоры

Шокаманов - Қазақстан Республикасының Статистика
Юрий Камирович жөніндегі агенттігі төрағасының
бірінші орынбасары

Соломин - "Қазақстанның Бірыңғай кәсіптік
Леонид Зиновьевич орталығын құру жөніндегі
ұйымдастыру комитетінің тең
төрағасы" (келісім бойынша)

Ақымбеков - "Аз қамтылған азаматтарды қолдау
Серік Шаяхметұлы жөніндегі жалпы ұлттық қор"

қоғамдық қорының атқарушы директоры
(келісім бойынша)

Григорьева - Қазақстан Республикасының Табиғи
Светлана Петровна монополияларды реттеу және
бәсекелестікті қорғау жөніндегі
агенттігі Энергетикалық секторды
реттеу жөніндегі департаментінің

директоры

Дүйсенова - Қазақстан Республикасының Еңбек және
Тамара Босымбекқызы халықты әлеуметтік қорғау

вице-министрі

Жұмағұлов - Қазақстан Республикасы Премьер-
Бақытжан Тұрсынұлы Министрінің Кеңсесі
Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің

меңгерушісі

Манабаева - Қазақстан Республикасының Еңбек және
Гайни Алдабергенқызы халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Әлеуметтік қамтамасыз ету және
қаржыландыру департаментінің

директоры

Нүгербеков - Қазақстан Республикасының Көлік және
Серік Нүгербекұлы коммуникациялар министрлігі Қаржылық
реттеу департаментінің директоры

Рахымбеков - Қазақстан Республикасының Ауыл
Төлеутай Сатайұлы шаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды
және ауылдық аумақтарды мемлекеттік
реттеу департаментінің директоры

Байсеркин - Қазақстан Республикасы Денсаулық
Бауыржан Сәтжанұлы сақтау министрлігінің Мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау комитеті төрағасының

орынбасары

Көшенов - Қазақстан Республикасының Қоршаған
Ахметжан Рақымбайұлы ортаны қорғау министрлігі
Экологиялық саясат және тұрақты
даму департаментінің директоры

Мисников - Қазақстан Республикасының
Владимир Андреевич Индустрия және сауда министрлігі

Шағын бизнесті қолдау жөніндегі
комитетінің төрағасы

Құсайынов

Марат Әпсеметұлы

- Қазақстан Республикасының
Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрлігі Аймақтық саясат және
бюджетаралық қатынастар

департаментінің директоры, хатшы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 28 ақпандағы

N 305 қаулысымен бекітілген

Кедейлікті азайту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

Кедейлікті азайту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылды. Комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. <*>

Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі кесімдерін, өзге нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

Ескерту. Тақырыбы, 1-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.03. N 397 қаулысымен .

Ескерту. 1-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.19. N 459 қаулысымен .

2. Комиссияның міндеттері мен функциялары <*>

Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары:

1) Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру;

2) елдегі кедейліктің айрықша аспектілерін зерделеу (қала құрайтын кәсіпорындар төңірегіндегі шағын қалалар проблемалары, ауылдық жердегі кедейлік және тағысын тағылар);

3) еңбек рыногындағы сұраныс пен ұсыныс құрылымын ескере отырып,

жұмыспен қамту және жұмыссыздық деңгейін төмендету саласындағы
проблемалар ;

4) кедейлік проблемасын шешу контексінде халықаралық көмекті тиімді
пайдалану ;

5) аз қамтылған азаматтарды қолдау жөніндегі қолданыстағы
бағдарламалардың тиімділігі;

6) кедейлікті азайту жөніндегі міндеттерді ескеретін және тұрғындардың
кедей бөлігінің мүдделерін ескере отырып, жергілікті бюджетті түзу жөніндегі,
кедейлік, кедейлік мониторингі тетігін енгізу жөніндегі жұмыстарды
ұйымдастыру проблемаларын шешуге байланысты жергілікті атқарушы
органдардың басқару қызметін жетілдіру, кедейлік проблемаларын шешуге
байланысты жергілікті атқарушы органдардың басқару қызметін бағалау
өлшемдерін жетілдіру, ақпараттық тәжірибе алмасуға ықпал ету жөніндегі
ұсынымдарды қамтитын жоспарлау тетіктерін аймақтық деңгейде енгізу жөнінде
ұсыныстар әзірлеу болып табылады,

Ескерту. 2-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.03. N 397
қаулысымен .

Ескерту. 2-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.05.19. N 459
қаулысымен .

3. Комиссия құқықтары

Комиссияның мынадай құқықтары бар:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметіне халықтық әлеуметтік қорғау жүйесін
жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізу;

2) әлеуметтік қызметтерді жетілдіру және кедейлік деңгейін төмендету
жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу үшін мүдделі мемлекеттік органдар
мамандарын тарта отырып, жеке мәселелер бойынша жұмыс топтарын құру;

3) Комиссия құзыретіне кіретін мәселелерді шешу үшін ғылыми-зерттеу
ұйымдарының, жоғарғы оқу орындарының ғалымдарын және жоғары білікті
мамандарын тарту ;

4) Комиссия құзыретіне жататын мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен
заңды тұлғалардан қажетті ақпарат сұратуға;

5) Комиссия құзыретіне жататын мәселелер бойынша Комиссия мүшелері
отырыстарында мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың жауапты
өкілдерін тыңдау ;

6) белгіленген тәртіппен Комиссия құрамын өзгерту туралы ұсыныс енгізу;

7) Комиссия құрамына кірмеген мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың өкілдерін Комиссия құзыретіне жататын мәселелерді шешу бойынша тартуға.

4. Комиссия қызметін ұйымдастыру

Комиссияны Төраға басқарады.

Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындауды және ол өткізілгеннен кейін хаттамасын рәсімдеуді Комиссия хатшысы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады. <*>

Комиссияның отырыстары қажеттілігі бойынша тоқсанына кемінде бір рет ө т к і з і л е д і .

Отырыстардың күн тәртібін, сондай-ақ олардың өткізілетін орны мен уақытын Комиссия мүшелерімен келісім бойынша Комиссия Төрағасы а й қ ы н д а й д ы және н а қ т ы л а й д ы .

Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оларға Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда Төраға жақтап дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.

Ескерту. 4-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.19. N 459 қаулысымен .

5. Комиссия қызметінің тоқтатылуы

Комиссия қызметін тоқтатудың негіздері:

- 1) Комиссияның қызмет мерзімінің аяқталуы;
- 2) Комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуы;
- 3) бұрын Комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың немесе өзге комиссияның құрылуы;
- 4) Комиссия міндеттері орындалмайтын не олардың орындалуы тиімсіз өзге м ә н - ж а ғ д а й л а р .

Осы тармақта көрсетілген мән-жағдайлар туындаған жағдайда, Комиссияның жұмыс органы болып табылатын министрлік Комиссия төрағасының тапсырмасы бойынша, Қазақстан Республикасының Үкіметі Регламентімен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімінің тиісті жобасын енгізеді.

Осы тармақта көрсетілген тәртіп Комиссия құрамына немесе функциясына өзгерістер енгізу қажеттігі жағдайында да қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК